

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Экономика, басқару және құқық факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің
№2 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

26.10.2022 ж.

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы: Н. Байбахов -декан орынбасары.

Комиссия мүшелері:

С. Баймағанбетов - PhD., аға оқутышы;

А. Нысанбаева – сая.ғ.к., доцент м.а.;

Б. Кенешбаев - PhD., аға оқутышы;

М. Оспанкулова – аға оқутышы;

Б. Исахов –оқутышы;

Д. Тубекова- докторант;

Ә. Сәрсенова – магистрант;

Д.Омаров – студент;

Б. Балтабаева – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері.

Хатшы: Ш. Жұмаділла

Қатыспағандар: жоқ

Шақырылғандар:

Қ.Полатбекова –Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысының орынбасары

Кафедра меңгерушілер: Б.Мырзалиев, Г.Момбекова, А.Амирбек,

Құқықтану кафедрасының меңгерушісі м.а.: Қ.Тұрлыбеков

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. БББ пәндері бойынша контенттердің толық және сапалы жүктелгенін тексеру.
2. БББ түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижесін бақылау.
3. БББ пәндерін жүргізетін профессор оқытушылар құрамының біліктілік талаптарға сәйкестігін қадағалау.
4. Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелерін талдау, институционалдық аккредиттеу бойынша, постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру.
5. Қазан айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

Тыңдалды:

1. Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның мүшесі, оқу әдістемелік комиет төрайымы М. Оспанкулова баяндама жасады: М.Оспанкулова өзі басшылық етіп факультет құрамындағы кафедралардың оқу әдістемелік жұмыстарға жауапты оқытушыларымен бірлесіп БББ пәндері бойынша контенттердің толық және сапалы жүктелуіне мониторинг жүргізгендігін баяндады. 2022-2023 оқу жылының күзгі семестрінде факультет құрамындағы 11 бакалавриат, 8 магистратура, 5 докторантура деңгейіндегі білім беру бағдарламаларында жалпы 163 пән жүруде. Ол пәндердің ішінде 139 пән факультет құрамындағы Экономика, қаржы және есеп, Менеджмент және туризм,

Құқықтану, Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедраларына тиесілі пәндер. Кафедраларымызға тиесілі осы пәндер бойынша portal.ayu.edu.kz базасына контенттерінің толық және сапалы жүктелуі мониторинг жүргізілді. Әрбір пән бойынша келесі контенттердің міндетті түрде болуына мән берілді:

1. Пәннің аннотациясы
2. Пән оқытушысы туралы мәлімет
3. Пән силлабусы
4. Апталық лекциялар
5. Практикалық сабақ тапсырмалары
6. БӨЖ тапсырмалары (БӨЖ 1, БӨЖ 2)
7. Қосымша материалдар

Нәтижеде факультет құрамындағы кафедраларға тиесілі пәндердің контенттері 97% толық және сапалы жүктелген. Құқықтану (магистратура, докторантура) білім беру бағдарламасы бойынша 4 пәннің контенті түгел емес екендігі аталды.

Осы мәселе бойынша сөз алған Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысының орынбасары Қ. Полатбекова пән контенттерінің portal.ayu.edu.kz жүйесіне оқытушылар тарапынан жүктеуге қатысты біршама кемшіліктер болғандығын, ол кемшіліктерді бөлім тарапынан оқытушыларға ескертіліп, дер кезінде жойылғандығы айтылды.

Шешім:

1. Факультетте дайындалатын БББ пәндері бойынша контенттердің толық жүктелуі қанағаттанарлық деп қабылдансын.
2. Пән контенттерінің сапасы үнемі бақылауда ұсталсын. (Жауапты: ОӘК төрайымы: М.Оспакулова, кафедра меңгерушілері)
3. Құқықтану БББ бойынша анықталған кемшіліктер түзетілсін, пән контенттері толық және сапалы түрде порталға жүктелсін. (Мерзімі: 01.11.2022ж., Жауапты: ОӘК төрайымы. М.Оспакулова, кафедра меңгерушісінің м.а. Қ.Тұрлыбеков)

Тыңдалды:

2. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Н.Байбахов факультетте дайылатын білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы жөнінде сөз алып келесі мәліметтерді ұсынды:

Өткен оқу жылында факультетімізде бакалавриатты 221, магистратураны 15 түлек бітірді. Түлектеріміздің жұмысқа орналасуы жайлы мәліметтер толық емес және өз деңгейінде жүрмей келеді. Қолда бар мәліметтер бойынша Халықаралық қатынастар БББ 36,36 пайыз, талап 50 пайыздан кем болмау керек, Құқықтану БББ бойынша 48 пайыз, білесіздер 60 пайыздан кем болмау керек. Мен, бұл аталған БББ бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы мұнша төмен емес, кафедра тиісті деңгейді түлектермен байланыс орната алмай отыр деп есептеймін. Қалған Менеджмент, Мемлекеттік және жергілікті басқару, Экономика, Есеп және аудит, Қаржы, Туризм білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы қанағаттанарлық деңгейде болып отыр (Қосымша 1).

Шешім:

1. Факультетте дайындалатын БББ бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы жөніндегі мәлімет назарға алынсын.
2. Кафедралар түлектермен тығыз байланыс орнатсын, олардың жұмысқа орналасуы бақылауда болсын. (Жауапты: декан орынбасары: А.Исаева, кафедра меңгерушілері)

Тыңдалды:

3. Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның мүшесі, оқу әдістемелік комитет төрайымы М. Оспанкулова БББ пәндерін жүргізетін профессор оқытушылар құрамының біліктілік талаптарға сәйкестігі қадағалануы қажеттігі профессор оқытушылардың бейіні бойынша біліктілік көтеру қажет екендігін атап өтті. Факультеттегі профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелеріне жүргізілген мониторинг мәліметтері келтірілді (9 қосымша). Профессор-оқытушылардың 72 сағаттан кем емес өткен оқу курстарының сертификаттары пәндеріне сәйкес келеді.

Оқытушы профессорлар құрамы «Damutek» ЖШС, SAMGAR республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы және «Ғалымнұр» біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығында және Нұр-Сұлтан қаласындағы Үкіметтік емес сапаны бағалау орталығында өз өтетін пәндері бойынша біліктілікті жетілдіру» курсынан өткен. Сонымен қатар Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Үздіксіз білім беру институтында «Инклюзивті білім беру» курсы бойынша ОПК осы курстан өтіп арнайы сертификаттар алған.

Шешім

1. Профессор оқытушылардың жүргізетін пәндері бойынша біліктілік талаптарына сәйкестігі жөніндегі мәліметтер назарға алынсын.

2. Профессор оқытушылардың біліктілік арттыру туралы сертификаттарының Адам ресурстарын басқару бөліміне өткізілсін. (Жауапты: кафедра меңгерушілері)

Тыңдалды:

4. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Н.Байбахов: 2022-2023 оқу жылында аккредиттеу мерзімі аяқталған, аккредиттеуден өтетін - 1 БББ бар, ол 8D04106- Экономика білім беру бағдарламасы. Сонымен қатар постмониторингтен өтетін 2 БББ бар. Бұл бағытта қандай жұмыстар жүргізілуде?

Экономика, қаржы және есеп кафедрасының меңгерушісі Б. Мырзалиев: 8D04106- Экономика БББ аккредиттеуден өткізу үшін дайындық жұмыстары жүргізілуде, аккредиттеу стандарттары бойынша өзін өзі бағалау есептері жазылуда.

Менеджмент және туризм кафедрасының меңгерушісі Г.Момбекова: Менеджмент білім беру бағдарламасы постмониторингтен өтеді, дайындық жұмыстары қолға алынды.

Шешім:

8D04106- Экономика БББ бойынша аккредиттеуге және қалған 3 БББ бойынша постмониторингке дайындық жұмыстары күшейтілсін (Жауапты: Кафедра меңгерушілері: Б. Мырзалиев, Г. Момбекова, комиссия мүшелері М.Оспанкулова, Б. Кенешбаев).

Тыңдалды:

5. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Н.Байбахов: 2022-2023 оқу жылының қазан айында жүргізілген іс шаралар бойынша қысқаша есеп берді.

2022-2023 оқу жылының қысқы сессия емтихандарының формасы анықталып, бекітілді;

2022-2023 оқу жылының қортынды аттестаттау нысаны анықталып, бекітілді;

Факультеттегі БББ бойынша Өндірістік практика базаларын анықталып, келісім-шарттар түзілді;


Visiting professor бағдарламасы аясында Үндістанның Мумбай университетінен келетін доктор (PhD) Гайкар Виластың (Gaikar Vilas B.) студенттер мен магистранттарға өтетін сабақ кестесі, докторанттар мен профессор оқытушыларға арналаған ғылыми семинарының кестесі, жұмыс жоспары нақтыланды;

Шешім:

2022-2023 оқу жылының қазан айында жүргізілген іс шаралардың нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрағасы:

Мәжіліс хатшысы:



Н. Байбахов

Ш. Жұмаділла